




2018 ж. 18 маусым

№ 28-4

Талшық селосы.

село Талшык.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар ауданы бойынша
жер салығының және
бірыңғай жер салығының
мөлшерлемелері туралы



«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 503, 504, 505, 506-баптарына, 509-бабының 5-тармағына және 510, 704-баптарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 504, 505, 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға арттырылсын, автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан жер учаскелерін қоспағанда, соған сәйкес:

- 1) жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;
- 2) елді мекендердің жеріне (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;
- 3) елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер.

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 503, 704-баптарында белгіленген жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын, соған сәйкес:

- 1) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге салығының базалық мөлшерлемелері;

*Сериялық нөмірінсіз бланк жарамсыз болып табылады
*Бланк без серийного номера недействителен

2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының кейбір шешімдері осы шешімнің қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы



А.Хоршат

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
хатшысы

А.Хоршат

А.Хоршат

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2018 жылғы «18» маусымдағы
№ 28-4 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының күшін жойылған кейбір шешімдердің тізбесі

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-6 «Жер салығы ставкалары туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-4-105 тіркелген, 2010 жылғы 14 тамызда «Дала дидары» және «Ақжар-хабар» газеттерінде жарияланған);

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 34-13 шешімі «Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының «Жер салығының ставкалары туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-6 шешіміне өзгертулер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3245 тіркелген, 2015 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 маусымдағы № 5-3 шешімі «Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының «Жер салығы ставкалары туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3883 тіркелген, 2016 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

В.В.К.